



Асқақтай бер, Ел ордан

ЕЛОРДА - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА БЕЙНЕСІ,  
ЖАРҚЫН КЕЛБЕТІ

Елорда - отанымыздың жүрегі, тәуелсіздіктің тірегі. Егер біз бабаларымыздың қанымен келген тәтті сыйымыз тәуелсіздікті ұлы жетістігіміз деп есептесек, елордамыз соның ең асқақ жемісі. Ол - қазақ деген абыройлы елдің атағын асқақтата түскен биік қамал, тәуелсіздіктің символы. Ол - отанымыздың жүрегі, бейбіт елдің баға жетпес байлығы. Аз уақыттың ішінде көркейіп, түрленіп, тәуелсіздігіміздің түлегі, Отанымыздың жүрегі - елордамыз да елдігіміздің жаңа беттерін ашқандай, тәуелсіздігімізді әйгілеп тұрғаны айдан анық. Жас та болса, бас болған ару қаламыздың көркейіп, гүлденуінде әрбір қазақстандықтың қосқан үлесі бар. Нұрсұлтан дегенде кеудемізді мақтанш сезімі кернеп, бойымызды тәтті сезім билейді.

Елорда күнін мемлекеттік мереке деп жариялаудың тарихи, танымдық, тәрбиелік тұрғыдан мәні айрықша зор. Бұлай дейтін себебіміз, елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру - бұл қазақтың өз билігі өзінің қолына тигеннен кейін ұлттың болмыс-бітімін сақтап, мемлекеттің келешегін кемелдету мақсатында «он ойланш, тоғыз толғанып» барып қабылданған тарихи шешім болды. Эпидемиологиялық



жағдайдың күрделенуіне байланысты елорда күніне арналған іс-шара Ақжал кентінде онлайн форматта өтті. Соның дәйегі «Шұғыла» мәдениет үйінің көркемөнерпаздары мереке күні кент тұрғындарына керемет көңіл күй сыйлаған болатын. Марат Омаровтың әні «Астана», М.Түгелбаевтың әні «Елімнің жүрегі-Астана», Роза Әлқожаның әні «Ару қала-Астана» әні шырқалса, бишілер тау халқының биі «Лезгинканы» мың бұрала билеп берді. Жалпы, Сары-арқаның төсінде еркелеп аққан Есілдің жағасынан орын тепкен Қазақстанның астанасын бүгінде барша әлем жұрты біледі. Нұр-Сұлтан - Отанымыздың астанасы ғана емес, оның өрлеуінің, толассыз дамуының

басты отарбасы, негізгі көрсеткіші.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, мына індеттен аман-есен шығып, елордамыздың туған күнін ашық аспан астында алаңсыз тойлайтын күнге жете берейік. Отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздіктің тірегі, жеріміздің кіндігі - елордамыз Нұр-Сұлтан Қазақстанның жана бейнесі, жарқын келбеті.

Көк байрағымыз желбіреп, Әнұранымыз шарықтап, қыранымыз қалықтай берсін!

Мақпал ЕРКЕБЕКОВА,  
әкімдік маманы  
Ақжал кенті.

ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Баршаңызды мұсылман қауымының ұлық мерекесі - Құрбан айт мейрамымен құттықтаймын! Айтқа аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер мен мақтаулар болсын!

Дін тірегі имандылық. Иmandылық әр адамды тек жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Әділет, парасат жолымен ғана жүруге үндейді. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері діліміз, тіліміз, дініміз қайта оралып, ізгі еліміз күн санап өркендеуде. Айрандай ұйыған ұлт өкілдері бейбіт қатар өмір сүріп жатыр. Ауданымыздың мұсылман қауымы осында мекендейтін өзге дін өкілдерімен өзара бірлікте тату-тәтті өмір сүріп келе жатқандығын мақтан етуге болады.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі саналы ғұмырында рухани тірек болған асыл дініміздегі айтулы мереке - Құрбан айт мейрамы айрықша аталып келеді. Ұлттар мен ұлыстарды бірлік пен игілікке, мейірім мен кешірімге бастаған мұбарак мейрам - Құрбан айт құтты болсын!

Айт - ағайын арасын жақындастыра түсетін, адамзат баласын имандылыққа ұйытып, қанағат пен тәубеге үндейтін ұлық мереке. Бұл күндері барша мұсылман ізгі амалымен Алланың разылығына бөленеді.

Мұбарак мейрамның құрметі үшін барша жамағатты, азаматтарды, мүгедектер, жетімдер мен жесірлер, әсіресе қараусыз қалған ата-аналарға қайырымдылық жасауға шақырамын.

Мұсылман бауырлардың ұлық мерекелерінің бірі саналатын айт мейрамы баршаңызға құтты болсын! Бұл күні қылған ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңыз қабыл болып, шаңырақтарыңыз құт-береке мен төрлеріңіз ырыс-ынтымаққа толсын! Жаратқан иеміз баршаңызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, шуақты күндер нәсіп етсін! Арайлап атқан әрбір таң молшылық пен шаттық әкелсін!



Ізгі ниетпен:  
аудандық "Жанқұтты би" мешітінің  
бас имамы  
Берікқажы  
АЛПЫСБАЙҰЛЫ.



ДІН ХАҚЫНДА

Жандарбек ЖҰМАН

Раббысына алақан жайыпты құл,  
Біздің ғұмыр-алдамшы, ғайып ғұмыр!  
...Қысылған кезде ғана дінді іздетпей,  
Мұсылман деген атқа лайықты қыл!

Адастырма адымды нақ басарда,  
Жылтыраған қу тірлік жақты "осалға".  
...Берекенің барлығы-құлшылықта,  
Берекесіз қалудан сақташы, Алла!

Жауап таптым Құраннан сұрақтарға,  
Оның іші толып тұр дүр ақпарға.  
...Таудан құлат шыдаймын, талдан құлат,  
Жайнамаздан бірақ та құлатпа, Алла!

Сақтағайсың шығудан қарсы көпке,  
Сауап тірлік жасауды таңсық етпе.  
...Білектегі күшімді азайт мейлі,  
Жүректегі иманды әлсіретпе.



Көне жәдігер ізімен

ҚЫШ ҚҰМЫРА



Қыш құмыра. (шамамен 2-3 мың жыл пайдаланылған)

Құмыраның дайындалған материалы: Күйдірілген қыштан жасалған

Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы маңында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген болатын. Сол қазба жұмыстары кезінде қыш құмыра табылған болатын. Пішіні дөңгеленіп келген, құмыраның бүйірі ауыз жағына қарағанда ептеп шығыңқылау жасалған, түп жағы жіңішке болып келген. Қыштан жасалған құмыра ернеуінен үшбұрышталып сынған екен.

Қазірде музей төрінен орын алған қыш құмыраның өлшемі: ұзындығы 4,5 см, қалыңдығы 2 см, биіктігі 12 см.ді құрайды.

1989 жылы Қазақ ССР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының музей қорынан алынған.



## Домбыра - дастан

## НАҒЫЗ ҚАЗАҚ, ҚАЗАҚ ЕМЕС, НАҒЫЗ ҚАЗАҚ ДОМБЫРА



Домбыра - қазақ халқының рухани мұрасы мен бай дәстүрінің нышаны. Ғасырлар бойы ол қуанышта да, шерлі күндер мен жеңісті күндерде халқымыздың жанында. Ұрпақтан-ұрпаққа домбыра пернесінен күмбірлеген күй арқылы біздің мәдени құндылықтарымыз, салтымыз бен аңыздарымыз келіп жеткен. «Бұл рухани жаңғыру жолының негізгі арқауы. Бүгінде ұлттық аспабымыз күллі әлем мойындаған мәдени құндылыққа айналды. Бұл қазақтың қасиетті қара домбырасына берілген әділ баға. 2018 жылы 13 маусымда Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық домбыра күнін шілденің алғашқы жексенбісінде атап өту туралы жарлыққа қол қойған болатын.

«Өнер ұлт келбеті» дейді дана халқымыз. Осы дәстүрдің жалғасы ретінде жақында мерекеге орай «Ұлттық домбыра» күні аясында «Нағыз қазақ, қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра» атты онлайн форматта көрермендер назарына арнайы концерт ұсынылды. Ұлттық домбыра күнінде Тәуелсіздіктің мерейлі 30 жылдығына

жерлесіміз, күйші Сүлейменов Мадияр Өмірсерікұлы шәкірттерімен бірге күйден шашу шашты. Сонымен қатар «Шұғыла» мәдениет үйінің өнер майталмандары Рахымжанова Рымтай өпкеміздің орындауында халық өні «Шынар-ай», жерлесіміз Ахтаев Дулат ағамыздың орындауында Кенен Өзірбаевтың «Ой жайлау» әндері шырқалып, онлайн арқылы тамашалап отырған көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады. Айта кетсек, күйші Мадияр Өмірсерікұлы облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы. Домбыраның қазақ өмірінен алар орны үлкен. Өскелең

ұрпақты ұлтжандылыққа, рухани тереңдікке тәрбиелейміз десек, бұл шараның мәні орасан.

Бұған Елбасымыз да өзінің «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айрықша назар аударып, тілге тиек еткен болатын.

Бір сөтке күйкі тірліктің ауылынан алыстап жанына онлайн арқылы болса да рухани азық алған көпшілік осындай мерекені ұйымдастырған барша азаматтарға алғыс білдіріп, ризашылық танытты.

Мақпал МАТАЙҚЫЗЫ,  
Ақжал кенті.



## ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Алаш зиялысы Х.Досмұхамедұлының: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл - сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл - күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек» дегені біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер.

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта елімізде тіл саясаты Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен салықалы да сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы «Жана әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі - деген болатын.

Үштұғырлы тіл - дамыған мемлекет құрудың алғышарттарының бірі, ол өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея екені белгілі. «Тілдердің үштұғырлығы»,

дәлірек айтқанда, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенмен, көздеген мақсаты - мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қатынастағы орыс, ағылшын тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу, қазақ тілін әлемдік тілдер қатарына қосу үшін нақты ұмтылыс жасау. Қандай мемлекет болмасын, мән беріп, ұлықтайтын тілі - мемлекеттік тіл. Қысқасы, үш тұғырлы тіл мәдениетін қалыптастыру әрбір қазақ үшін бүгінгі өзекті тақырып болып отыр. Қазақстан азаматтарының парызы - «өзге тілдің бәрін меңгеру, мемлекеттік тілді құрметтеу» деп білеміз. «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде». Мемлекеттік тілді және шет тілдерді үйренуіміз керек. Мынандай шарықтау заманында көп тілді игергенге ешкімнің таласы болмайтыны хақ. Сондықтан қазақ, орыс және шет тілдерінің ішінде көбіне көп қолданылып жүрген ағылшын тілін жетік меңгерген ұрпақ өсіріп, оларға үлгі бола білу-бөсекеге қабілетті елдің берік іргесі мен кемел келешегінің кепілі. «Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ», - деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, мақал-мәтелдер мен

қанатты сөздер, мысал өлеңдер жарысын өткізуде оқушылардың қызығушылықтары, ұшқыр ойлары, зеректігі, өнерге деген бейімділіктері сараланды. Тіл материалдарын игеру дегеніміз, оны тану ғана емес, сол материалды дұрыс түсіну әрі дұрыс қолдана білу дағдысын игере білу деген сөз. Олай болса тіл мәдениетін қалыптастыру, тіл дамыту тәсілдері мен әдістері, амалдары мен жолдары осыны ескере отырып белгіленуі керек.

Бүгінгі заман - білімділердің заманы. Ақылы мен азуы күшті қасқырлардың заманы. Ғаламын ғаламтормен танытын ұрпақ өмір сүретін заманда үштілділікті талап ету ең дұрыс шешім деп санаймын. Өйткені білімді бесіктен бастап іздену керек. Сонда ғана арман еткен нәрселерінді ақиқатқа айналдырып, жетпеген жетістікке жетіп, марқайып отыратын хәлде боласың. Тон - торқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын - тіл байлығы ғана.

З.МҰЗАПАРОВА,  
Ақой ЖОББМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## Сақ жүрсен, сау жүресің



## ЕКПЕ АЛУ - ІНДЕТТІ ЖЕҢУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

Қауіпті дерттерге қарсы екпе егу жұмыстары әлемдік тәжірибеге енген. Соған орай сәби өмірге келген сәттен бастап белгілі мерзім ішінде түрлі аурулардың алдын алу, жұқпалы дерттерден сақтануды қамтамасыз ету үшін иммундау шаралары дәстүрлі түрде қолға алынды. Оның пайдасы мен қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстары әлі де жүргізіліп келеді. Бірақ, ел арасында екпеге деген үрей сөйлер емес. Басым көпшілігі салынған екпеден соң адам ағзасы өзгеріске ұшырап, тіпті дерт қозады дегенді алға тартады. Ал, шын мәнінде қалай? Вакцина - жұқпаны жоюға бағытталған препарат. Дәрігерлердің айтуынша, екпе салынған соң қауіпті дерттерге шалдыққандар саны азаяды.

Рас, екпе салдырғаннан соң кей жандардың тағдыры өкінерлік оқиғаға ұласып жатқанын естіп жүрміз. Бірақ оның бәрі бір вакцинациямен байланысты деу де қателік. Өйткені иммунизациялаудың қажеттілігі болмаса ол қолданысқа енбес еді. Сондай-ақ, бұл жұмыстарға қыруар қаржы бөліп, шығындалу мемлекет үшін де тиімсіз екенін ұмытпаған дұрыс. Оның үстіне кезінде әлем үшін қауіпті дертке айналған табиғи оспа, оба мен шешек те дертке қарсы

салынған вакцинаның арқасында жойылды.

Ортаулықтар арасында да екпе алуға еріктілер саны басым. Екпе салдыру алдында терапевт дәрігердің бақылауынан өтеді. Міндетті түрде температурасы, қан қысымы, қандағы оттегі мөлшері өлшенеді. Дәрігер, сондай-ақ, екпе алушының медициналық картасын мұқият оқып, қарсы көрсетілімдер бар-жоғын анықтайды. Мұның бәрі екпенің сәтті де жанама әсерсіз өтуі үшін жасалатын дайындық шаралары. Ал екпе алу, алмау - әркімнің өз еркі.

Ел амандығы - ортақ міндет. Мен өзіме, туыстарым мен әріптестеріме қауіп төндірмес үшін алғашқы мүмкіндікті пайдаланып, екпе алдым. Бұл жаһандық індетпен күрестегі ең маңызды қадам деп білемін. Екпе алу - еліміздің әрбір азаматының парызы. Тек жаппай екпе салдыру ғана ұжымдық иммунитетті қалыптастырып, қатерлі індеттің бетін қайтаруға мүмкіндік береді. Денсаулық - зор байлық. Сондықтан баршаңызды осынау маңызды науқанға белсенді қатысып, вакцина алуға шақырамын.

Бекзат ТАЙЖАНОВА,  
кітапханашы,  
Ортау ауылы.

**ВАКЦИНАЦИЯҒА ҚАНША УАҚЫТ ҚАЖЕТ?**

**10 минут**  
ЕКПЕ АЛУДЫҢ АЛДЫНДА ДӘРІГЕРДІҢ ҚАРАП-ТЕКСЕРУІ КЕРЕК

**15 минут**  
ПРЕПАРАТТЫ ДАЙЫНДАУ, ВАКЦИНА МҮЗДАТЫЛҒАН КҮЙДЕ САҚТАЛАТЫНДЫҚТАН, ПРЕПАРАТТЫ ПРОЦЕДУРА АЛДЫНДА ЕРІТУ КЕРЕК

**30 минут**  
ЕКПЕ САЛҒАННАН KEЙІН БАҚЫЛАУ. СІЗ ЕКІ ЕКПЕ ТУРАЛЫ БЕЛГІСІ БАР - ВАКЦИНАЦИЯЛАУ КҮНІ, ВАКЦИНА АТАУЫ КӨРСЕТІЛГЕН ЖӘНЕ ДӘРІГЕРДІҢ ҚОЛЫ ҚОЙЫЛҒАН АТАУЛЫ СЕРТИФИКАТ АЛАСЫЗ

kazinform

**КОРОНАВИРУС -**  
ОНЫ ЖЕҢУДІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ ЖАППАЙ  
ВАКЦИНАЛАУ БОЛЫП ОТЫРҒАН  
ТАРИХТАҒЫ АЛҒАШ ІНДЕТ ЕМЕС

20 ғасырда - вакцина алғанға дейін  
**300 МИЛЛИОННАН** астам адам шешектен қайтыс болды

1994 жылдан бастап полиомиелитке қарсы вакцина егіле бастаған соң  
АҚШ, Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия "ата-аналардың қасіреті" деп аталып кеткен аурудан құтылды

Вакцина ойдағыдай табылғанға дейін қызылша жылына орта есеппен  
**2 млн 600 мың адамның өмірін қиятын**

Соңғы жылдары АҚШ пен Еуропада қызылшамен ауыру көрсеткіші қайта артып отыр, оған себеп - әлеуметтік желілерде кеңінен тараған "вакцинаға қарсы" адамдардың пікірі

**COVID-19-ға қарсы вакцина алыңыз! Жақындарыңызға жанашыр болыңыз!**

kazinform

## Имандылық

## ҚҰРБАН АЙТ - ҰЛЫ МЕРЕКЕ

Құрбан айт - мұсылмандардың қасиетті мерекелерінің бірі. 2021 жылы бұл мейрам 20, 21, 22 шілде күндері аталып өтеді.

Құрбан айт - Ораза айттан кейін 70 күн өткен соң келетін мейрам. Мұсылман қауымы Құрбан айтты қатарынан үш күн тойлайды. Айт күндері құрбандық шалынады.

## Құрбан сөзі нені білдіреді?

Құрбан - араб тілінде “жақындау” дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы Аллаға жақындай түсу. Ал, шарияттағы терминдік мағынасы “шарттарымен санаса отырып құлшылық ниетімен мал бауыздау” дегенге келеді.

Құлшылық жасаудың түп мәні - Жаратушының жарлығына бағыну, разылығына ұмтылу, сауап жинау. Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ, пенденің пендеші-лігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады.

Құрбан айт мерекесінің тарихы сонау Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар заманынан бастау алады.

## Құрбан шалу кімдерге уәжіп?

1) Құрбан шалу белгілі бір адамға уәжіп болуы үшін мына шарттар керек: мұсылман болу;

2) Құрбан айт уақытында жолаушы болмау;

3) негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу.

Нисап мөлшері - 85 грамм алтын, яки құнына тең келетін ақша. Нисап мөлшерінде артық қаражаты болмаса да, кедей мұсылман кісінің құрбан шалуына болады.

Жалпы Ханафи мәзһабында құрбан айтта шамасы жеткендерге құрбан шалу - уәжіп.

## Құрбан шалу уақыты.

Құрбан шалудың уақыты Құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні күн батқанға дейін жалғасады.

## Құрбандық қалай шалынады?

Құрбандық шалғанда, ең алдымен, құрбан шалынатын жердің таза болуына көңіл бөлу керек.

Малды соятын жерге ұрмай-соқпай апарып, оны құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызады. Сосын “**Иә, Алла Тағалам, Ибраһим мен Мұхаммед пайғамбарлардан қабыл алғаныңдай менің де құрбандығымды қабыл ала гөр!**” деп бата жасалады. Сосын “**Аллаһу акбар!**” және “**Лә иләһа иллаллаһ**” деп айтылып тұрады.

## Құрбандық шалу кезінде неге тыйым салынады?

- Малды қинауға болмайды, сол үшін оны өткір пышақпен бауыздайды.

- Пышақты малдың көзінше қайрауға тыйым салынады.

- Құрбан шалып жатқан адам құрбандықты өз қолымен бауыздағаны абзал. Өйткені, бұл - құлшылық амал. Мал бауыздай алмаған жағдайда қасапшының жанында тұрып, өз көзімен көргені дұрыс.

- Сойылатын мал құрбандық ниетімен бауыздалуы керек.

- Малдың жаны шыққаннан кейін барып қана терісі сыпырылады.

- Құрбан шалғаннан кейін малдың қан-жынын далаға қалдырмай, көміп тастаған жөн. Бұл - құрбандық малына,

туыс, көршілерге, ал үшінші бөлігін мұқтаж жандарға үлестіргені абзал.

Шалынған малдың етін түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға да болады. Егер құрбандық шалған адам аса дәулетті болмаса және отбасында адам саны көп болса, онда құрбандықтың етін түгелдей өз отбасына да қалдыра алады.

## Құрбан айт қалай тойланады

Былтырғы жылы бүкіл әлемді жаулаған пандемиядан бұрын Құрбан айт мерекесі ерекше тойланатын. Айт намазынан кейін барлық мұсылман ағайын-туыстарға, дос-жарандары мен көрші-қоланға “Айт қабыл болсын!” айтып, айтшылайтын. Үйлерге кіріп, құран оқып, тілек тілейтін.

Бір-біріне сыйлық беріп, мерекелік көңіл-күйде жүреді, айттық сұрайтын еді.

Сонымен қатар әр қазақ айт мерекесімен құттықтап, айттық сұраған жанның бетін ешқашан қайтармаған болатын. Ренжісіп қалған адамдар бір-бірінен кешірім сұрап, қайта табысып, әр шаңырақта қазан асылып, мол дастарқан жайылатын. Сонымен қатар, сырқат кісілердің көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім-жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, оларға айттың қуанышын сездіру де өте сауапты іске жататын еді. Быыл бұл шараларға қатаң тыйым салынып отыр.

Биылғы Құрбан айттың өткізілу тәртібі пандемияға байланысты қалалық жерлерде құрбандық шалу рәсімін онлайн режимде күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, тапсырыс арқылы шалынса, ал аудан, ауылдық жерлерде әркім өз үйінде құрбандықтарын шала алады. Мешіт тарапынан имамдар еріктілер тобын құрып, мұқтаж жандарға тізім бойынша ет таратуға атсалысады. Пандемияға байланысты адамдардың жаппай жиналуын болдырмай, санитарлық жағдайды сақтай отырып, міндетті түрде бетперде тағу, резіңкелі қолғап (перчатка) және антисептик қолдану қажет. Әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, арнайы бөлінген орындарда ұйымдастыру қажет.

Сонымен қатар 65 жасқа толған адамдарға және ыстығы 37 градустан жоғары көтерілген адамдарға құрбан шалынатын орындарға баруға тыйым салынады.

Биылғы жылы Айт намазы мешіттерде оқылмайды.

Қарубай МАХАНБЕТЧИН, аудандық “Жанқұтты би” мешітінің ұстазы.

## ӘРКІМНІҢ ӨЗІНЕ ЛАЙЫҚ РИЗЫҒЫ БАР

Құдіреті күшті Алланың барлығына, бірлігіне сену - иман. Сенбеу - күмән. Күмән - иманды ұйытпайды. Жаратқанның бірлігіне сенген пендесі де, бойында күмәні бар пендесі де Аллаға ғибадат жасап, тілек тілейді. Алайда, сол тілеген тілекті Жаратқан ием өзі әркімге лайықтап, оның бойындағы имандылық қасиетіне қарай береді екен. Осы тұрғыда мына бір тәмсілге құлақ түре кетейік.

Бірде пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) бір топ сахабаларымен мешітке келе жатқан бетінде бір мүсәпір алдын кес-кестеп сәлем береді. Пайғамбар оның сәлемін алмай, қасынан өтіп

шыққанша үшеуінің де бір-бір тілектерің қабыл болады” - дейді. Кедей жөніне кетеді. Сахабалар Пайғамбарымыздан әлгі бейбақтың әуелгі берген сәлемін неліктен алмағандығын сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз: “Ол - өмірінде шөп басын сындырмаған жалқау. Сәлемін сондықтан алмадым. Ал, мешіттен шыққанда байқасам, шөптің басын сындырып отыр екен” - дейді.

Қош, сонымен не керек, әлгі мүсәпір әйелі мен қызын ертіп, диттеген жерге де жетеді. Суға бірінші болып әйелі түседі. Ол “бай біреуге әйел болайын”, - деп тілек тілейді. Айтқанынша өзен



кетеді. Қапа болғандықтан, шөп сындырып, жер шұқылап отырып қалған әлгі мүсәпір, мешіттен қайтып келе жатқан Пайғамбарымыздың алдынан тағы да шығып, сәлем береді. Пайғамбарымыз оның сәлемін алады. Әлгі бейбақ өзінің және әйелі мен қызының өмір бойы асқа жарымағанын айтып, Пайғамбардан дұға жасауын сұрайды. Пайғамбарымыз дұға жасауға ниеттенгенде Жебірейіл (ғ.с) келіп “Оның өзіне лайықты риздығы жерге шашылған” дейді. Пайғамбарымыз сонда да болса оны бос қайырғанын жарамас деген оймен оған: “Өзеннің жағасындағы жалғыз ағаштың қасына барып, суға түсіңдер. Сүнгіген кезде тілектеріңді айтыңдар, судан


жағасынан өтіп бара жатқан бір бай ат артына мінгестіріп алады. Әйелі күйеуінің “Қазір мен де бай болам ғой” дегеніне құлақ аспайды. Ащуға булыққан кедей суға қойып кетеді де “Әйелім шошқа болсын” деп тілек тілейді. Ө дегенше-ақ әйелі шошқаға айналады. Шошынған жолаушы оны аттан аунатып түсіріп, өз жөнімен кетеді. Шешесінің сорлап қалғанын көрген қызы суға түсіп, оны қайтадан адам қалпына келтіреді. Сонымен тәмам. Баяғы таз қалыптарына қайта түседі.

Бұдан келіп шығар қорытынды: әр адамның өзіне лайық риздық- несібесі бар екен. Тек, ниетіміз түзу, иманымыз кәміл, ынсапты болайық дегенге саяды.

## МҰХАММЕД (С.Ғ.С.) ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ХАДИСТЕРІНЕН

Төрт түрлі адамды Алла ұнатпайды: өтірікші саудагерді, кердең кедейді, зинақор кексе кісіні, залым ел басқарушыны.

Адамның тағдыры ананың құрсағында жатқанда-ақ маң-



дайына жазылады.

Ата-анасын ренжіткен-

дерді, еркектерге ұқсап жүрген әйелдерді Алла тағала жақсы көрмейді және ондай адамдар жәннатқа кірмейді.

Адамның нәпсісінде тойым жоқ. Адамның көзін топырақ толтырады. Кім тәуба қылса, Жаратқан ием соны кешіреді.

Күнәнің ең зоры - Аллаға серік қосу, кісі өлтіру, ата-ананы ренжіту, өтірік куәгер болу.

Ерлі-зайыптыларды тауластыру үшін айтылған өтірік кешірімді.

Сіздің қайырымды болғаныңыз үй-ішімізге мейірім толтырады.

## Сот органдарында

## ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ЖАРИЯЛЫ - ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ

Соңғы уақытта жүргізіліп жатқан құқықтық саясат дауларды шешудің соттан тыс нысандарын дамытуға, дауларды барынша сотқа дейінгі сатыларда реттеуге, арыз иелерінің құқықтарын тек сот арқылы ғана емес, бірінші кезекте құзыретті әкімшілік-құқықтық органдардың қорғауына бағытталған. 2020 жылғы 29 маусымда Мемлекет басшысымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне (бұдан әрі-ӘРПК) және Қазақстан Республикасының әртүрлі заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ілеспе заңға қол қойылды.

ӘРПК 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі. Осы күннен бастап Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарымен қоса Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 27-29 тарауларының күші жойылды. Кодекс тараптардың қоғамдық-құқықтық даулар бойынша қатынастарын және әкімшілік процедураның өзін реттейді, сөйкесінше соттар ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік органдар да әкімшілік кодекске бағынады.

Әкімшілік-құқықтық қатынастар - бұл мемлекеттік басқару аясында қалыптасатын және әкімшілік-құқық

нормалары арқылы реттеліп отыратын қоғамдық қатынастар. Бұл қатынастарға қатысушыларға белгілі бір құқықтар мен міндеттер беріледі және олар құқықтық қатынастардың субъектілері болып табылады. Атқарушы билік органдары, мемлекеттік



қызметкерлер, қоғамдық бірлестіктер, кәсіпорындары, мекемелер мен азаматтар әкімшілік-құқықтық қатынастардың субъектілері болып табылады. Құқық субъектілерінің арасында нақты құқықтық қатынастар туындауы үшін норманы іс-әрекетке келтіретін белгілі бір іс-әрекеттер мен оқиғалар қажет. Бұл іс-әрекеттер мен оқиғалар заңдық фактілер деп аталады. Әкімшілік құқығы белгілеген ережелерді бұзу-құқық бұзушы мен тиісті мемлекеттік орган арасында құқықтық қатынастардың туындауына негіз болып табылады.

Жаңа Кодекс халықаралық стандарттарға сәйкес әкімшілік әділетті енгізеді. Заңның қабылдануы құқықтық және әлеуметтік маңыздылығымен айқындал-

ған. Кодекстің негізгі мақсаттары азаматтарға басқарушылық шешімдер қабылдау процесіне нақты қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктер жиынтығын бекіту, әкімшілік органның жоғары тұрған органын да және сотта дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін белгілеу.

Әкімшілік-процестік заңнамада әкімшілік процестің барлық сатыларының процестік реттелуі, тараптарға процестік барысы мен нәтижелеріне белсенді түрде ықпал етуге, өз құқықтарын тиімді қорғауға, процестік міндеттерді

мүлтіксіз орындауға мүмкіндік беретін процестік құралы болып табылады.

ӘРПК қабылдау мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, жариялы-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын және сот билігінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға он септігін тигізеді деп күтілуде.

Онымен қоса ӘРПК-де тараптардың әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу мүмкіндігі де қарастырылған.

**А.АБДЫКАМАЛОВ,**  
Шет аудандық сотының төрағасы.

## ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ - ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ БАЛАМАЛЫ ӘДІСІ

Партиципативтік рәсім - дауларды реттеудің баламалы әдісі. Бұл рәсім екі тараптың адвокаттарының дауды реттеу арасында келіссөздер жүргізу жолымен судьяның қатысуынсыз жүргізіледі және тараптар сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін партиципативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы.

Партиципативтік рәсім үш кезеңнен тұрады: бірінші кезең-тараптардың талап қою (дау, мәселе) бойынша ұсыныстар беруі, бұл ретте ұсыныстарды әрбір тарап жеке-жеке де, топтық бірлескен талқылауда да ұсына алады; екінші кезең-тараптардың қазіргі жағдайдан (дау, талап, мәселе) шығу жолы ретінде баламаларды әзірлеу, ал әзірлеу мен ұсынудың айырмашылығы әр нұсқаның нақты бөлшектерінде, оның ішінде әр тарап үшін оң және теріс жақтары, белгілі бір шарттарды орындау мүмкіндігі, яғни шындыққа арналған тесттің бір түрі; үшінші кезең - ұсынылған барлық нұсқалардың ішінен тараптардың балама таңдауы. Сәтті болған жағдайда ол тараптар таңдаған нұсқа, жазбаша келісіммен аяқталады.

Егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, жария-құқықтық дауларды қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын азаматтық-құқықтық даулар партиципативтік рәсімнің қолданылу саласы болып табылады.

Егер мұндай даулар партиципативтік рәсімге қатыспайтын үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғайтын немесе қозғауы мүмкін болса, партиципативтік рәсім жоғарыда көрсетілген дауларға қолданылмайды.

Медиация мен бітімгершілік келісімге қарағанда, дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу екі тараптың адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз жүргізіледі. Бұл тараптарды адвокаттар міндетті түрде ұсынуы керек дегенді білдіреді, ал адвокаттардың бітімгершілік келісім мен медиацияға қатысуы міндетті емес. Дауларды медиация тәртібімен реттеудегі сияқты, тараптар сот бірінші, апелляциялық немесе кассациялық сатылардағы кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы өтінішхат мәлімдей алады.

Тараптардың дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы өтінішхаты, егер бұл қосымша процестік әрекеттерді және істі қарауды тоқтата тұруды талап етпеген жағдайда, кассациялық сатыдағы сотта мәлімделуі мүмкін. Кассациялық сатыдағы сотта өтінішхатпен бір мезгілде тараптар дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді ұсынуға тиіс.

Істі қарайтын судья дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және оны бекіту туралы және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

Нақты айтқанда, бұл рәсімде адвокаттардың қарым-қабілеті сыңа түседі. Егер олар дауласушыларға заңның өздеріне берілген жақсы мүмкіндігін жеткізе алса, онда істің ушықпауына ықпал етеді. Партиципативтік рәсім ке зінде дауды реттеу тараптар мен олардың қорғаушыларының қатысуымен жүзеге асырылады.

Дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім және келісімді бекіту туралы ұйғарым әлемдік келісімге қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс. Партиципативтік рәсім заңды және жеке тұлғалардың азаматтық, еңбек, отбасылық, басқа да құқықтық қатынастардан туындаған азаматтық-құқықтық дауларда қолданылады. Ал аталған істерде сотқа күніне қаншама талап-арыз түседі. Солардың кемі бір-екеуі осы рәсіммен аяқталып отырса, онда заң талабының ақталғаны.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі қоғамдағы азаматтық дауларды реттеуге және ел тұрғындарының құқықтық ой-өрісін көтеруге бағытталған деп нық сеніммен айтуға болады.

**С.СӘКЕНОВ,**  
Шет ауданының №2 аудандық сотының төрағасы.

## БИОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КӘСІБИ МАССАЖ



ТЕЛЕФОН:  
8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192

БЭМ - бұл биоэнергетикалық массажер адам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының

жоғарылауына, инсульт, инфаркт, қант диабеті, онкологиялық ісіктеріне жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғарғы технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-

1,5 сағаттық 10 рет қолмен жасаған массажды және туйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплекті) алмастырады.

Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы системаларының қызметін токсин мен шлактардан тазартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен-жайы:  
Ақсу-Аюлы ауылы,  
Шортанбай жырау көшесі,  
73.

Телефон: 8 71031 21272  
немесе 8 708 235 19 02, 8  
778 924 91 92



Редактор Салтанат Тұяқбайқызы ЖОСАЛБАЙ

Құрылтайшысы және меншік иесі: ЖК Садуақасов М.Д. Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1000 дана. Газеттің басылу сапасына "Арқо" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03 Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРҚО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Шыңғыс Мұқаев, Ақадыр өңірі бойынша тілші тел: 8 7754474955  
Бухгалтерия тел. 79-0-81

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2019 жылы қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17436-Г куәлігі берілген.